“БАЛДӘУРЕН” - ТЫНЫСЫ

№8 3-ауысым 24 наурыз 2022 жыл (ауысым сайын)

Балалар мен жасөспірімдер журналы

«Дәстүр және ғұрып» республикалық ұлттық фестивалі

БОСЫМБАЕВ Даурен Абдикаримович,

«Балдәурен» РОСО филиал директоры.

Түркістан облысы Төлеби ауданы

Әйел-Ана — өмірдің өзегі

Көктем мезгілінің әдемі көрінісі қызу тіршілік иелерінің барша әрекеттері талай ақындардың шығармаларына арқау болған. Өз туындыларында оданда айқын бейнеленген. Көктемгі күннің көзіндей жылы жүзді, тұла бойына сұлулық тұнған, арқаның ажарындай нұрлы келбетті, қызғалдақтай алаулаған аналарымызды, аруларымызды көктемнің күлім қаққан шұғылалы мерекесімен құттықтаймыз!

Құрметті ханымдар!

Бар тіршіліктің тұтқасын ұстап тұрған аналар, әдемі арулар! Сіздерді 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Әйел-Ана — өмірдің өзегі, тіршіліктің күре тамыры, ыстық ықылас пен ыждаһаттың, пәктік пен тазалықтың қайнары. Еліміздің сән-салтанаты мен орталығымыздың мерейінің үстем болуында да қашанда нәзік жандардың еселі еңбегі мен қажырлы қайратының қарымды үлесі жатыр. Олай болса, көктемнің осынау шуақты мерекесі көңілдеріңізді нұрға, жүректеріңізді жырға бөлесін!

ЕСЕБАЕВ Нұржан Аралбекұлы,
«Балдәурен» РОСО филиалы директорының оқу- тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
Түркістан облысы Төлеби ауданы

Ұлыстың ұлы күні

2022 жылдың 3-ауысымы «Дәстүр және ғұрып» республикалық ұлттық фестивалі көктем мезгілінің алғашқы ауысымы да өз бастауын алды. Ауысым барысында көптеген қызыққа толы сайыстар, кереметтей көңілді кештер күтілуде. Осы 3-ауысымнан бастап орталығымызда балалардың демалыстарының дұрыс өтуін қамтамасыз ететін қосымша екі үйірме «Құм терапиясы» мен «қол өнер» үйірмелері өз жұмысын бастады. Ауысымға сәттілік тілейміз!

Көктің тынысын тыңдап, жердің тамырын басқан, тұрмыс-тіршілігін табиғат-анамен тығыз байланыстырған халқымыз Наурызды жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы деп бағалаған. Наурыз – жыл басы, Ұлыстың ұлы күні. Күн мен түннің, ыстық пен суықтың, қыс пен жаздың, қараңғы мен жарықтың теңелетін, жер арқасы кеңіп, күллі тіршілік әлемі қайта түлейтін табиғат мерекесі. Наурыз - адамдардың қыс қыспағынан, жұт апатынан аман қалып, малы төлдеп, аузы аққа жаритын шаруа мерекесі. Олай болса, Наурыз мерекесі баршаңызға жаңа жетістіктер, молшылық пен татулық әкелсін. Барыс жылы ел тыныш, туған жер аман болып, әр отбасында шат көңіл, бақыт және береке салтанат құрсын!

ЕРНАЗАРОВА Айнұр Шүкірқызы,
«Балдәурен» РОСО филиалының
ұйымдастырушы-ұстазы.
Түркістан облысы, Төлеби ауданы

Дәуірдің жарық жұлдызы – Ахмет Байтұрсынұлы

Биыл еліміз ұлы қазақ халқының біртуар ұрпағы, Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойын атап өтуде. Оны қазақ даласының «Сегіз қырлы, бір сырлы» деп аталатын атақты адамдарына жатқызуға болады. Ол талантты әдебиеттанушы, терең ойшыл, жарқыраған публицист, жанқияр саясаткер, ізденуші ғалым, керемет ұйымдастырушы және өз халқының дамуына қызығушылық танытқан қоғам қайраткері болды. Энциклопедиялық ақылымен ерекше қабілеті бар, өмірді жақсы көретін және айналасындағы адамдардың тағдырына бей-жай қарамайтын адам. Оның бүкіл еңбегінің мәнін бір ауыз сөзге сыйғызып айтар болсақ, ол бас әріппен жазылған халық ұстазы.

Ахмет Байтұрсынұлы - қазақ ұлтының әлеуметтік өмірі мен мәдениеті, ғылымы мен білімі жолында аянбай еңбек еткен ірі қайраткер, үлкен талант иесі, қайталанбас зор тұлға.

Қазақтың ұлы ғұламасы Ахмет Байтұрсынұлының халқы үшін істеген игі істерінің ішіндегі ең шоқтығы биік қызметінің бірі-араб жазуына өзгерістер енгізіп, қазақ әліпбиін (алфавит) құрастыруы. Осы арқылы ғалым қазақ халқының тез сауаттанып хат тануына, оқу білімге деген құштарлықтарының оянуына ерекше ықпал етті. А.Байтұрсынұлы жазуы дамымаған ұлттың артта қалатынын, оның қоғамдағы қажеттілігін және адам өміріндегі маңызын өзінің шығарған оқулықтарында үнемі ескертіп отырады. Жазу дегеніміз-шын мәнінде, кез-келген халықтың рухани деңгейі мен мәдени дамуын көрсететін негізгі құрал. Ғалым осы құралды ұлттық деңгейге көтеру жолында жан аямай еңбек етіп, тер төкті. Ғұлама ғалым ұзақ ғасырлар бойы өзгеріссіз қолданылып келе жатқан араб графикасын қазақ халқының игілігіне айналдыру идеясын көтеріп, оны іс жүзінде реформалады. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ халқы үшін төл әліпби құрастырып шығарды. Бұл ана тілінде сауат ашудың ең тиімді құралы болды. Ахаң түзген әліпби халықтың мәдени-рухани деңгейінің көтерілуіне, халықтың тез әрі оңай сауаттануына, баспа ісінің жандануына ерекше зор ықпал етті. Алайда, құл халықты отарлау саясаты, қоғамдағы алфавит мәселесінің тұрақтануына жол бермеді.

Қазіргі жаңа заман серпіні адамзатты «жазу», «графика» дәуіріне жетелеуде. Түрлі заманауи техника мен технологияның, инновациялық шарықтап өркендеуі-заңды құбылыс. Осы цифрлық графикалық дәуір өткелінде ұлттық, мемлекеттік тілімізді сақтап, сол тіл арқылы сан ғасыр тоғысында тарихымызды, мәдениетімізді, ұлтымызды, мемлекетімізді нығайтып, оны тарих

беттерінде шежіре қып таңбалағымыз келсе, Ахаң салып кеткен - латын графикасына өтуіміз өте орынды реформа. Оны жүзеге асыру – Мәңгілік ел ретінде, рухы биік мемлекет ретінде даму үдерісінің негізгі сатысы болып табылады. Мәңгілік ел мұраты – қазақ тілінің латын әліпбиіне өтуі болып табылады. Менің ойымша, бүгінгі күннің өзекті мәселесі «Қазақ тілінің латын әліпбиіне кезеңді өтуі». Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бүгінгі жаңа заманауи талапқа тіл реформасын сәйкестендіріп, күшейту - Мәңгілік ел идеологиясын толыққанды жүзеге асыруға зор мүмкіндік береді. Қазақ тілінің тарихы сонау ертеден бастау алады. Тіліміз көне түркі тілінің қыпшақ-ноғай тармағына жатады. Қазақ жазуы ғасырлар тоғысында бірнеше рет өзгеріске ұшырап отырды. 1929 жылдарға дейін Қазақстанда араб жазуы пайдаланылса, 20 ғасыр басында ағартушы А.Байтұрсынов бастауымен араб графикасына негізделген төте жазу пайдаланылды. 1929-1940 жылдар арасында латын графикасы қолданылса, 1940 жылдан соң кирилл әліпбиі енгізіліп қазірге дейін қолданылуда. Яғни көріп отырғанымыздай, латын графикасын қолдану тәжірибесі біздің ел тарихында болған және мұрағат материалдарына сүйенсек, латын графикасында басылып шыққан ғылыми еңбектер мен шығармалар қоры қазақтың белгілі ағартушылары, Алаш қозғалысының белсенділері арқасында сақталынған болатын. Демек, латын графикасына көшуіміз - біздің алғашқы қазақ зиялыларының салған сара жолына қайта оралу деген сөз. Тіліміздің келешегіне қарқынды дамыған заман сарынына қарай бір мықты серпін беру. Бұл шешім – техникалық инновациялық мүмкіндіктері шарықтаған әлемдік ақпараттық кеңістікке еліміздің еркін енуіне кепіл болмақ. Сөз соңында айтарым, латын графикасына өту - біз үшін аса қиындық тудыра қоймайды. Олай ойлауымыздың себебі, біріншіден жоғарыда айтып кеткенімдей бұл біздің тарихымызда орын алған тәжірибе, екіншіден, біз латын графикасымен таныспыз, жастарымыздың көп бөлігі ағылшын тілін жақсы меңгерген, оларға таныс заманауи техниканың атауларынан бастап, әлемдік брендтер барлығы латын графикасымен таңбаланған. Бұл жерде аса қатты көңіл бөлетін мәселе ол тіл меңгерудегі грамматикалық сауаттылық пен жазудың емлесі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы өзінің алғашқы жолдауына айтқандай, «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келетін болды» деп есептеймін. Латын әліпбиіне көшу соған ықпал ететініне мол сенім артамыз деген болатын.

Қорыта айтқанда, білім нәрін сеуіп, оқу-ғылым жолын бағыттаған ұлы ағартушы-педагог, әдіскер-ғалым Ахмет Байтұрсынұлының ширек ғасырға халық ғұмыры ұстаздыққа, бала оқытуға арналған. А.Байтұрсынұлы ашқан қазақ мектебі, ол түрлеген ана тілі, ол салған әдебиетіміздегі елшілік ұраны, "Қырық мысал", "Маса", "Қазақ" газеті, "Оқу құралы", "Әліппе кітабы", "Тіл құрал", "Әдебиет танытқыш" сияқты еңбектері қазақ баласының өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты болып табылады. Ахмет қазақ даласының әр түрлі аймақтарында мектептер ашып, ұстаздық қызметпен айналысты, жарғақ құлағы жастыққа тимей, «әр қазақтың баласы қалайда оқу керек» деп – масаша ызылдап, туған халқын оқуға, өнер-білімге шақырды.

«Hello, Baldauren» танысу кеші

Танысу кеші – ауысымның ең алғашқы өткізілетін іс-шарасы. Кеш барысында оқушылар түрлі ойындар ойнап, өзінің сүйікті ұйымдастырушы-ұстазымен танысады. Орталықтың әнұраны мен заңдарын, ұрандары мен бақырмақтарын айтты. Ауысым барысында сол заңдарға бағынып, өздерінің демалыстарының қызықты өтулеріне жол ашты. Қызықты ойындар ойнау арқылы балалар бір-бірімен танысып та алады.

«Балдәурен» бекет бойынша ойыны

Бүгін жас балдәурендіктерге орталықты толық таныстыру мақсатында «Балдәурен» бекет бойынша ойыны өткізілді. Ойын – баланы ешкім, ешқашан үйрете алмайтын нәрсеге үйретеді. Бұл нақты өмірге, кеңістікке, құбылыстарға, адамның іс-әрекетіне бағдар беретін зерттеу тәсілі. Ойын үрдісі кезінде балалар зерттеу, сараптама жасау, оқу арқылы өмірге, әлемді танып-білуге, бағалауға үйренеді. Демек, ойын арқылы балаларды өмірге ең қажетті қасиеттерге: өжеттілікке, іскерлікке, жауапкершілікке, ептілікке тәрбиелейміз.

3 ауысым президентіне үміткерлермен танысу

Уақытша құрылған ортада ең білімді, ең алғыр, ең ізденімпаз, ең жүйрік оқушылардың болары да сөзсіз. Көшбасшы (ағылшын тілінің Leader – басқарушы деген сөзінен шыққан) – бұл басқа адамдарды, олардың алғашқы ниеті қандай болғанына қарамастан, өзі қалаған нәрсені жасауға көндіре алатын адам болып табылады. Сонымен қатар топтағы адамдардың қасиеттері мен қабілеттерін қолдана отырып, оларды көшбасшы мақсатын іске асыруға бағыттай алады.

3-ауысымның «Сенім» ұйымының президентіне үміткерлермен танысу кеші болып өтті. Топ ішінен алғыр да көшбасшы оқушыларымыз сынға түсті.

Балдәурендік досым, сіз «Сенім» ұйымында жұмыс жасадыңызба? Қызықты сәттермен бөлісіңіз?

2022 жылдың 3-ауысымының ашылу салтанаты

Міне, нағыз «Балдәурендік» атанған күн. Бүгін орталыққа келіп, оң-солын енді ғана тани білген оқушыларымыздың қуанышқа толы сәті – 2022 жылдың 3-ауысымының ашылу салтанатында болып өтті. Қызылорда облысынан келген 8-топ демалушысы Орынбасарова Айсауле Жалғасбекқызы 43% дауыс жинап ауысым президенті атанды. Барша балдәурендіктерді нағыз балдәурендік атанғандарымен шын көңілден құттықтаймыз, ауысымға сәттілік тілейміз.

«Мектеп-кеме, білім-теңіз» мектеп презентациясы

Наурыз айының 9-жұлдызы күні «Мектеп-кеме, білім-теңіз» атты мектеп презентациясы болып өтті. Оқушылар сыныптарға бөлініп, сынып жетекшілерімен, пән мұғалімдерімен танысты. Ауысым барысында көптеген зияткерлік-танымдық сайыстар ұйымдастырылуда. Оқушыларымыз сол сайыстарға белсене қатысып өз білімі мен біліктілігін жетілдіреді деген сеніміміз мол.

«Шебер қолдар» үйірмелер презентациясы.

«Үйірме» - деген сөздің өзі оқушылардың өздігінен орындайтын іс-әрекеті екенін көрсетіп тұр емес пе? Сондықтан да үйірме жұмыстарында балалардың қызығушылығы мен ізденісі – біз үшін бірінші орында. Орталыққа келген оқушылардың сабақтан тыс бос уақыттарын тиімді өткізу мақсатында түрлі қызығушылық үйірмелері жұмыс атқарады. Оқушылар өздері қалаған үйірмесіне қатысып, сол үйірменің сертификатымен марапатталады.

«Дәстүр және ғұрып» топ визиткасын қорғау кеші

Визитка – бұл оқушылардың топ болып алғаш ортаға шығып өнер көрсететі, топтың ынтымағы мен татулығын, ұйымшылдығын көрсететін негізгі іс-шара. Топ визитка қорғау кешінің ерекшелігі – бұл жарысқа барлық топ мүшелері бірдей қатысады. Кештің көңілді өтуіне аянбай ат салысып, қолдап отырады. Бірі-бірінен озып тұрған топтар арасынан 1-топ «Ең үздік топ» номинациясын, 6-топ «Ең ұйымшыл топ» номинасиясын жеңіп алды. Алғашқы жеңіс құтты болсын, алдағы топтық іс-шараларда жұлдыздарың жана берсін дегіміз келеді.

«Жастар» педагогикалық тобымен танысу кеші

Жаңа жастар жалында,
Отты сәлем қабылда!
Бүгін орталығымыздың жүрегіне айналған «Жастар» педагогикалық тобымен танысу кеші болып өтті. Жастар өздерінің бар өнерін ортаға салып, оқушыларға кереметтей кеш сыйлады. Кеш барысында нағыз топтың қандай болу керектігін дәлелдеді. Бүлдіршіндеріміз өз ұйымдастырушы-ұстаздарын жаңа бір қырынан таныды. Ал сен, қай ұйымдастырушы-ұстаздың тобында өз демалысыңды өткіздің?

«Алло, біз таланттарды іздейміз...» шығармашылық кеші.

Шығармашылық байқау барысында балалар бар күш жігерін салып, өздерінің өнерлі екендіктерін көрсете алады. Дәстүрге айналған бұл байқауымыздың мақсаты – жастардың өнерге деген қызығушылықтарын оятып, жан-жақты қабілеттерін ашып, шығармашыл жастарды тәрбиелеу.

Кез-келген баланың өзіндік жеке қабілеті, дарыны болады. Мұғалімнің басты міндеті сол қабілетті аша білу. Жалпы әр байқауға 50 минут уақыт беріледі. Топтан озып шыққан оқушылар анықталады. Шығармашылық кештің қорытындысын алдағы диско фестада білетін боламыз.

«Чемпион» СМ ойындары

Баскетбол, футбол, күрес, дойбы, шахмат, пионербол, көңілді спорт – бұл сөздерді естігенде жалпы спорт ойға келеді. Спорттық және ашық ойындар белсенді демалыстың жақсы құралы болып табылады. Орталыққа келген балалар үшін ұйымдастырылған спорт ойындарының кезекті жарыстары болып өтті. Спорттық ойындарымыз екі күнге созылды. Оқушылар түрлі спорттық ойындар бойынша топтық, жекелей сынға түсті. Жеңімпаздарымыз анықталып, марапатталды. Спортпен күнделікті өмірде шұғылданатын, салауатты өмір салтын ұстанатын балаларымыз көп болсын.

«Балдәурен – көп ұлтты» спорттық ойыны

Ауысым тақырыбына байланысты орталығымызда түрлі ұлттардың ұлттық ойындарынан оқушыларымыз жоғары және кіші топтар бойынша өзара сынға түсті.

Ұлттық ойынды ұйымдастырудағы мақсат - балаларды қазақтың ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу. Ойын арқылы балалардың адамгершілік, адалдық, әділдік сезімталдық қасиеттерін қалыптастыру. Балалардың тіл байлықтарын арттыру, сөздік қорларын дамыту. Ұлттық ойындар дене шынықтыру іс-әрекетінде кең қолдана отырып, балалардың дене тәрбиесін дұрыс жолға қою, спорттық шеберліктерін, мүмкіндіктерін арттыру, жас ұрпақты өздігінен білім деңгейін көтеруге үйретіп, өзін-өзі тәрбиелеуге дағдыландыру.

«Түркістан – киелі мекенім» тәрбие сағаты

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып өскен,
Тұранның тарихы бар толқымалы,
Басынан көп тамаша күндер өткен.

Өлкемен танысу мақсатында «Түркістан – киелі мекенім» атты сыпаралық тәрбие сағаты болып өтті. Іс-шара барысында облыс орталығына айналған Түркістан қаласы жайлы көптеген құнды мағлұматтар беріліп, оқушылардың таным түсінігі артты. Сахналық қойылым көрсетілді. Облысымыздың кереметтей киелі жерлерімен балалар танысып, олардың тарихына көз жүгіртті. Әр бала өзінің тарихын білуге міндетті. Ұлтжанды патриот ұрпақты тәрбиелеу, жерді, отанды сүюге ынталандыру баршамызға міндет.

«Sight & Sound» music game

"Әннің де естісі бар, есері бар,
Тыңдаушының құлағын кесері бар.
Ақылдының сөзіндей ойлы күйді
Тыңдағанда көңілдің өсері бар..." деп Абай жырлағандай, қай халық, қай ұлт болмасын, әлдебір ән шырқалып жатқанын естісе, ентелей алға басып келе жатқан жүрісін баяулатып, тіпті тоқтай қалып құлақ тоспайтын, «апырым-ау, бұл қандай ән, төгілдіре шырқап тұрған бұл кім екен?» деп таңырқай тамсанған.

Оқушылардың музыкалық қабілеттерін арттырып, шығармашылыққа баулу мақсатында орталығымызда "Sight & Sound" music game сайысы болып өтті. Оқушылар өз белсенділіктерін көрсетті. Сайыс қорытындысы бойынша «Қарлығаш» тобы жеңіске жетті.

«Dance quryltai» би байқауы

Наурыз айының 15-жұлдызында орталығымызда "Dance quryltai" би марафоны болып өтті. Топ аралық байқау өте керемет, жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Әннің ырғағы, бидің икемділігі, топтың ұйымшылдығы бәрі дәл осы байқауда білінді. Бір-бірінен өнерлі, ұйымшыл ұл-қыздарымыз кештің сәнін кіргізді. 8-топтың ішінен өзінің әсем әнімен, көңілді биімен, сәнді киімімен ерекшеленген 7-топ «Бас жүлдеге» ие болды. Жеңіс құтты болсын балапандар!

«Той Like» туған күн иелеріне арналған кеш

Туған күн – тек жылына бір келетін ерекше мереке. Кез-келген жастағы адам бұл күнді асыға күтеді. Керемет құттықтаулар мен сыйлықтардың барлығына ие болады. 3-ауысым барысында балдәурендіктермен бірге өз туған күнін атап өткен туған күн иелерін шын жүректен құттықтаймыз, көптеген ізгі тілектер мен жақсылықтар тілейміз.

«Сен дәстүрді білесің бе?» зияткерлік ойыны

Қай заман болсын, адамзат алдында тұратын басты міндет - адал, білімді, еңбек сүйгіш ұрпақ тәрбиелеп өсіру. Бұл міндетті әр ұлт салт-дәстүріне орай іске асырады. Яғни, ғасырлар бойы сыннан өтіп, сұрыпталған озық салт-дәстүрлерін жас ұрпақты тәрбиелеуде пайдаланып келген.

Салт-дәстүр, әдет-ғұрып атадан балаға қалып отыратын мол мұра. Салт-дәстүрдің пайда болып, қалыптасу тарихына көз жіберсек, олар халықтың әл-ауқат, тұрмыс-тіршілік болмысынан туып қалыптасатынын көреміз. Қазір сол дәстүрдің біразы ұмыт болды. Ұмыт болған дәстүрлерімізді қайта жаңғыртып, оқушыларымыздың естеріне түсіру мақсатында бүгін орталығымызда «Сен дәстүрді білесің бе?» зияткерлік ойыны болып өтті. Халық қазынасына айналған түрлі дәстүрлерден сұрақтар қойылып, қызықты жауаптар алынды. Оқушылардың салт-дәстүр туралы түсініктері артты. Халқымыздың әдет-ғұрпын, дәстүрін, тарихын білу, оны қастерлеу – әрқайсысымыздың борышымыз!

Ералиев Қайрат Құттыбайұлымен кездесу

Орталығымызға балалармен кездесуге қазақ боксшысы, Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері, "Спорт" номинациясы бойынша "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты (2018), әуесқой деңгейдегі жеңіл салмақта (56 кг дейін) 2012 жылғы Қазақстанның алтын чемпионы, 2013 ж. Жеңіл салмақта (56 кг дейін) әлем чемпионатының қола жүлдегері, жеңіл салмақта (56 кг дейін) Азиада ойындарының қола жүлдегері, жеңіл салмақта (56 кг дейін) Азия чемпионатының қола жүлдегері, жеңіл салмақта (56 кг дейін) 2016 жылы Қазақстанның алтын чемпионы, 2017 жылғы жеңіл салмақтан Азия чемпионатының қола жүлдегері (56 кг дейін), 2017 жылғы жеңіл салмақ бойынша әлем чемпионы (56 кг дейін) - Қайрат Құттыбайұлы Ералиев қонаққа келді.

Өскелең ұрпаққа салауатты өмір салтын насихаттап, спортқа деген қызығушылықты арттырып, жастарды отансүйгіштікке, патриотизмге тәрбиелеп, еліміздегі спорт саласының дамуы жайында сұқбат-әңгіме құрды. Оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алды. Кездесу өте жоғары деңгейде өтті.

«Домбыра Party» кеші

Бойымды қазақ қаны билеген,

Қос ішегі бір-біріне тимеген,

Қазағымның домбырасы күй тартса,

Тебіреніп, ерекше бір күйге енем.

Наурыз айының 18-жұлдызында орталығымызда домбыра үйірмесінің жетекшісі Бегимова Самат апайдың ұйымдастыруымен "Домбыра Party" кеші болып өтті. Кеш барысында қос ішекті аспаптың қыр-сырын жетік меңгерген оқушыларымыз өнер көрсетті. Түрлі әндер шырқалып, күйлер тартылды. Кеш барлық балдәурендіктердің көңілінен шыққанына сеніміміз мол!

«Салт-дәстүрім байлығым» көріністер байқауы

Қазағымның салт - дәстүрі жаңғырған,
Тәлімді ой сынағы, тәрбие көзі қалдырған.
Салт - дәстүрді ардақтайық, ағайын.
Қазақ атты үлкен, кіші, балдырған.

Іс-шараның мақсаты – заман өзгерсе де ұлттық салт-дәстүріміздің көнермейтіндігін еске салып, ұлттық мұраны қайта жаңғырту. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» - демекші, салтын сүйген әрбір жас ұрпақ болашақта халқын сүйетін, еліне адал қызмет ететін, тілінің, салт-дәстүрінің жанашыры болатындығына сенімдімін.

«Наурыз тойы – мерекем, салт-дәстүрім – берекем!» концерттік бағдарлама

Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесін тойлау, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып жайында қарапайым түсінік беру, мерекелік көңіл-күй сыйлау мақсатында «Наурыз тойы – мерекем, салт-дәстүрім – берекем!» концерттік бағдарламасы ұйымдастырылды. Оқушыларымызға аспаздарымыз дайындаған «Наурыз көже» ұсынылып, мерекенің көңілді өтуіне себеп болды. Қазақтың жаңа жылы – жер жаһанның жаңаруы құтты болсын! Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын!

Ұлыс оң болсын!

Құрметті балдәурендіктер!!!

Көптен күткен 22-наурыз Ұлыстың Ұлы күні, Наурыз мейрамы құтты болсын! Ақ мол болсын, ырыс оң болсын, шаңырақтарыңыз бақытқа, несібеге толы болсын! Наурыз мерекесі бәрімізге молшылығымен келсін! Татулығымыз ажырамасын! Орталығымыз балалардың шат күлкісіне тола берсін! Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы құтты болсын!

2022 жылдың 3-ауысымының жабылу салтанаты

Құрметті балдәурендіктер!!!

Көзді ашып-жұмғанша 20 күнде өте шықты. Ерекше көңіл-күй, қызықты іс-шаралар, тартысқа толы сайыстар, бәрі-бәрі осы ауысым барысында орын алды. Ауысымның жабылу салтанаты өтіп, ең мықты, үздік, белсенді оқушыларымыз марапатталды. Сіздерге тек қана сәттілік тілейміз. Балдәуреннің төрінде сіздерді тағы да күтеміз.

«Балдәуренге мың тағзым!» гала-концерті

Кездесу бар жерде, қоштасу тағы да бар. Міне, бүгін 20 күнге созылған 3-ауысым да өз мәресіне жетті. Гала-концерт – ауысымның ең соңғы іс-шарасы. Балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлау мақсатында ұйымдастырылады.

Ендеше соңғы қоштасу кешімізде бақыттың ордасы болған - Балдәуренге айтар алғысымыз шексіз! Қош бол, Балдәурен, қайта айналып келгенше!

Қоштасып кетеміз біз әр тарапқа,

Мүмкін бұл соңғы жүздесу болмақ па?

Алайда бұл күндерді біз ұмытпаймыз,

Өзінде өткен естеліктерді жүректе мәңгі құлыптаймыз.

Бас редакторы: Ерназарова Айнұр Шүкірқызы

baldauren

Мекен-жайы:
Түркістан облысы, Төлеби ауданы,
Нысанбек ауылы, Үшсала көшесі, 32 үй
Телефон: 8 (771) 825 77 61
E-mail& baldauren_2@inbox.ru